

Армандар орындалады!



Мұқабада Айлин

4 ЭМБРИОННЫҢ ХРОМОСОМДЫҚ СКРИНИНГІ

NGS технологиясы жасанды ұрықтандырудың ЭКҰ сәтті өту мүмкіндігін қалай арттырады

5 АҚШ-тағы ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМДАР

IRM Clinic мамандарының әлемдік журналдағы зерттеуі

6 IRM ӘЛЕМДІК АРЕНАДА

IRM Clinic ENDO DUBAI 2026-дағы жеңісі

7 ӘБІЛДАНОВТАР ОТБАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

IRM Clinic-пен бірге ата-ана болуға бастар жол

Приглашаем женщин принять участие в программе «СУРРОГАТНОЕ МАТЕРИНСТВО И ДОНОРСТВО ООЦИТОВ», а также мужчин в программе «ДОНОРСТВО СПЕРМЫ»

ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ ООЦИТОВ:

- ✓ возраст от 18 до 35 лет;
- ✓ отсутствие выраженных фенотипических проявлений;
- ✓ удовлетворительное физическое, психологическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключение медицинской организации.



ТРЕБОВАНИЯ К СУРРОГАТНЫМ МАМАМ:

- ✓ возраст от 20 до 35 лет;
- ✓ наличие собственного здорового ребенка;
- ✓ отсутствие психических генетических заболеваний;
- ✓ удовлетворительное физическое, психологическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключение медицинской организации.



ТРЕБОВАНИЯ К ДОНОРАМ СПЕРМЫ:

- ✓ возраст от 18 до 35 лет;
- ✓ отсутствие отклонений в нормальных антропометрических и фенотипических признаках;
- ✓ удовлетворительное физическое, психологическое и репродуктивное здоровье, подтвержденное заключение медицинской организации.



Дополнительную информацию можно получить по телефонам:

Астана,
Мәңгілік Ел, 63Б
@ irm.astana

Алматы,
Толе би, 99
@ irm.almaty

Алматы,
Кабанбай батыра, 226
@ irm.kabanbay

Шымкент,
Еримбетова, 302
@ irm.shymkent



01 СӘЛЕМДЕСУ СӨЗІ



**Тамара Мұфтахқызы
Жүсібалиева**
IRM Clinic Бас директоры

Құрметті достар!

Көктем біз үшін – ерекше, символдық мезгіл. Ол әрдайым жаңару мен үйлесімділік, жарық пен үміт әкеледі. IRM қабырғасында арманнан басталып, бір күні «ана» деген ең басты сөзбен жалғасатын ғажайып хикаялар күн сайын туындап жатады.

Өткен жылы біз Репродуктивтік медицина институтының мерейтойын атап өтіп, дамудың жаңа кезеңіне қадам бастық. Біз инновациялық технологияларды енгізу, генетикалық бағыттарды дамыту, ғылыми жұмыстарды күшейту мен халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді жалғастырдық. Бірақ ең бастысы — біз отбасыларға көмектесіп, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуді жалғастырдық.

Біздің ұжымға — дәрігерлер, эмбриологтар, мейірбикелер, әкімшілер мен ортақіске өз кәсіби біліктілігі мен жан жылуын салып жүрген барлық қызметкерлерге шын жүректен алғыс айтамын. Бізге сенім артқан пациенттерімізге алғысымды білдіремін. Сіздер IRM клиникасын ата-ана бақытына қол жеткізетін орын ретінде таңдап, бізге еліміздің түкпір-түкпірінен және шет елдерден келесіздер. Біз бұл таңдауларыңызды өте бағалаймыз!

Жылдың ең шуақты әрі жылы мерекелері күндері — әр шаңыраққа шын жүректен жылулық, денсаулық және ертеңгі күнге деген сенімділік тілеймін. Әр үйде асыға күткен сәбидің күлкисі естілсін. Алда бізді көптеген бақытты оқиғалар күтіп тұрғанына сенемін. Ал біз осы жолда әрдайым сіздермен бірге боламыз.

Біздің клиникалар



IRM Clinic Astana
Мәңгілік Ел, 63Б
@irm.astana



IRM Clinic Kabanbay
Қабанбай батыр, 226
@irm.kabanbay



IRM Clinic Almaty
Төле би, 99
@irm.almaty



IRM Clinic Shymkent
Ерімбетов, 302
@irm.shymkent

02 NGS ТЕХНОЛОГИЯСЫ СӘТТІ ЭКО МҮМКІНДІГІН ҚАЛАЙ АРТТЫРАДЫ



NGS деген не?

Бұл эмбрионды жатыр қуысына көшіргенге дейін оның хромосомалар жиынтығын барынша дәл бағалауға мүмкіндік беретін ДНҚ талдамасының заманауи тәсілі. Технология тіпті минималды генетикалық ауытқулардың өзін анықтайды. Сондықтан NGS әдісі әлемнің жетекші клиникаларында имплантация алдындағы генетикалық тестілеудің «алтын стандарты» болып саналады.

ЭКО бағдарламаларында тек эмбрион алу ғана емес, сонымен қатар олардың ішінен сәтті имплантациялану әлеуеті ең жоғары эмбрионды дұрыс таңдау да маңызды рөл атқарады. Сәтсіз көшірудің жиі кездесетін себептерінің бірі — хромосомалық аномалиялар, яғни анеуплоидиялар. NGS технологиясын қолдана отырып, анеуплоидияға преимплантациялық генетикалық тестілеу (ПГТ-А) жүргізу эмбрионның хромосомалар жиынтығын алдын ала анықтауға және тек генетикалық материалы нормаға сәйкес келетінін ғана тасымалдауға көмектеседі. Бұл сәтсіз әрекеттер мен өздігінен болатын түсік тастау қаупін айтарлықтай азайтады.

NGS әдісінің арқасында бүкіл 23 жұп хромосоманы талдап, ДНҚ-ға егжей-тегжейлі сараптама жүргізуге болады. Бұрынғы технологияларға қарағанда, бұл әдіс эмбрионға «генетикалық сканерлеу» жасағанмен тең келетін толыққанды мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

NGS зерттеуі жасалған ЭКО қалай өтеді?

Бағдарлама бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен эмбриондар дамудың бесінші–алтыншы күніне дейін культивацияланады. Содан кейін биопсия жасалады – генетикалық зерттеу үшін бірнеше жасуша алынады. Одан кейін эмбрион қатырылады, ал биопсиялық материал NGS әдісімен ДНҚ-талдау жасауға жіберіледі. Зерттеу нәтижесі бойынша дәрігер генетикалық тұрғыдан сау эмбрионды жатырға көшіруді ұсынады.

NGS зерттеуіне қандай көрсетімдер бар?

NGS әдісі әсіресе 35 жастан асқан әйелдерге, ЭКО әрекеттері бірнеше рет сәтсіз аяқталған жұптарға, анамнезде түсік тастау немесе дамымай қалған жүктілік жағдайлары бар пациенттерге, ерлер беде-

улігінің ауыр түрлерінде, сондай-ақ отбасында генетикалық аурулар анықталған жағдайда ұсынылады. Сонымен қатар, көптеген пациенттер алғашқы хаттамадан-ақ сәттілік мүмкіндігін арттыру үшін осы әдісті таңдайды.



03 IRM CLINIC МАМАНДАРЫНЫҢ ӘЛЕМДІК ЖУРНАЛДАҒЫ ЗЕРТТЕУІ



IRM Clinic group бас директоры Джусубалиева Т.М., ЭҚҰ зертханасының меңгерушісі Малик А.М., эмбриолог Садыков К.Т. және репродуктолог Комогорцев А.Н.

IRM Clinic мамандарының ғылыми жұмысы репродуктивтік медицина саласындағы ең беделді журналдардың бірі – Fertility and Sterility (АҚШ) басылымында жарық көрді. Бұл жарияланым отандық ғылым үшін ерекше маңызға ие, өйткені ол біздің репродуктология саласының халықаралық аренадағы жоғары деңгейін дәлелдеп берді.

Ғылыми жұмыстың мәні

Зерттеу тақырыбы: «Хаттаманы жекешелендіру мақсатында аналық безді бақылаулы ынталандыру кезіндегі гонадотропиндер мөлшерін қайта қарау: жаңа номограмма». Қарапайым тілмен айтқанда, бұл жерде ЭКО бағдарламаларында гормондық ынталандыруды неғұрлым дәл және әр адамға жеке таңдау туралы сөз болып отыр. Бұрын гормондардың мөлшерін арттыру емнің тиімділігін жоғарылатады деп есептелетін. Алайда біздің дәрігерлер мөлшерді арттыру нәтижені әрдайым жақсарта бермейтінін дәлелдеді. Әр әйелдің ағзасы жүргізіліп жатқан терапияға әртүрлі жауап береді, сондықтан әмбебап схемалар барлық пациенттер үшін барынша тиімділік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмайды.

Теориядан тәжірибеге

Жұмыс барысында клиника мамандары әр адамның жеке физиологиялық көрсеткіштеріне негізделген гонадотропиндер мөлшерін таңдау алгоритмін жасап шығарды. Бұл ЭКО хаттамасын жекешелендіруге, гормондық жүктемені азайтуға, асқыну қаупін төмендетуге және нәтижені неғұрлым болжамды етуге мүмкіндік берді. Айта кететіні, бұл әдістеме бірнеше жылдан бері IRM Clinic-те сәтті қолданылып келеді және іс жүзінде өзінің тиімділігін көрсетті. Енді оның ғылыми құндылығы халықаралық кәсіби қоғамдастық тарапынан мойындалды.

Команда

Зерттеу жұмысы Тамара Жүсібалиеваның жетекшілігімен орындалды. Авторлық топтың құрамына репродуктолог дәрігер, қоғамдық денсаулық сақтау магистрі Анатолий Комогорцев, IRM Clinic Astana ҚРТ бөлімінің меңгерушісі, эмбриолог Алдияр Мәлік, сондай-ақ эмбриолог Қанат Садықов енді. Fertility and Sterility журналындағы жарияланым — қазақстандық медицинаның дәлелді тәжірибенің әлемдік стандарттары бойынша жұмыс істейтінінің кезекті дәлелі. Пациенттер үшін бұл ең басты нәрсені білдіреді: IRM Clinic-те заманауи, ғылыми негізделген және ұқыпты емдеу әдістері іске асырылады.

IRM Clinic – алдыңғы қатарлы репродуктивтік технологиялар аумағы

04 IRM CLINIC ENDO DUBAI 2026-дағы ЖЕҢІСІ



IRM-нің дәрігер-хирургі Зәуреш Барманашева ENDO DUBAI 2026 халықаралық медициналық конгресінде әлемнің түкпір-түкпірінен келген 150 қатысушының ішінен озып шығып, I орынды иеленді.

Конгресс аясында беделді Video Competition Award конкурсы өтті, онда дәрігерлер күрделі клиникалық жағдайлардың видеопрезентацияларын ұсынды. Міндетті шарт — тікелей қатысу: финалистер жасалған оталарды жеке таныстырып, ментормен бірге кәсіби қоғамдастықтың сұрақтарына жауап берді.

Зәуреш Ертісқызына жеңіс сыйлаған жұмыстың тақырыбы:

«Бөгде зат немесе тыйым салынған тақырып: жасөспірімдердің көмекке жүгінуіне кедергі болатын тосқауылдар».

Маңызды әрі шетін проблеманы зерттеген бұл жұмыс кәсібилігі, талдау тереңдігі мен дәйектілігі үшін халықаралық қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

Марапат ретінде Зәуреш Барманашеваға ENDO DUBAI 2027 конгресіне тегін қатысу сертификаты табысталды. Әріптесімізді лайықты марапатымен шын жүректен құттықтаймыз және жаңа шыңдарды бағындырып, пациенттеріміздің игілігіне бағытталған еңбегіңізге толағай табыс тілейміз!



Зәуреш Барманашеваның ENDO DUBAI 2026 конференциясындағы баяндамасы

05 IRM КӨМЕГІМЕН ПЕРЗЕНТ СҮЮ ЖОЛЫ



Алматылық Әбілдановтар отбасы перзент сүю үшін ұзақ та қиын жол жүріп өтті: көп жылғы күту, емделу, үміт пен түңілу. Бүгінде олардың шаңырағында сәбидің сыңғырлаған күлкісі естіледі. IRM-нің арқасында арман шындыққа айналды.

«Ана болу жолында ай сайын тесттен екі сызық көремін деп үміттенетінмін, бірақ әр сәтсіздік жанымға бататын. Кейде үмітім үзілген сәттер де болды, бірақ жолдасым мен отбасымның қолдауы маған қанат бітіріп, еңсемді түсіруге жол бермеді. Бәрі міндетті түрде жақсы болатынына бәріміз сендік»,

– дейді Назгүл Әбілданова.

Емдеуші дәрігердің ұсынысы бойынша отбасы Репродуктивтік медицина институтына жүгінді. Ерлі-зайыпты жұп үшін үлкен тәжірибесі мен заманауи технологиялары бар клиниканы табу маңызды еді. Бастан өткерген сәтсіздіктерден кейін тағы да көңілі қала ма деген қорқыныш та болды, бірақ алғашқы кездесуден-ақ Назгүлдің ішкі күйі өзгерді.

«IRM-дегі алғашқы қабылдау әлі есімде. Әйгерім Бақытқызы біздің оқиғамызды мұқият тыңдап, алдағы әрекеттер жоспарын байыппен түсіндіріп, барлық сұрағымызға жауап берді. Ұзақ уақыттан бері алғаш рет бойымда сенімділік пен ішкі тыныштық пайда болды, дәрігерге толықтай сене алдым. Жақындарымның қолдауы, дұғаларым және осының бәрі болашақ сәбиіміз үшін деген ой маған күш берді», – деп еске алады ол.

Аяғы ауыр екенін білген күн Назгүлдің есінде жақсы сақталған:

«Басында сенбедім, сосын жылап жібердім. Бұл бақыттың көз жасы еді. Жолдасым қуанышты хабарды естіген бойда, қолына бір шоқ гүл алып, жұмыстан дереу жетіп келді. Сол күні біздің өміріміз өзгерді».

Айлин есімді қызымыз дүниеге келген соң, шаңырағымыз ерекше мәнге толды.

«Оның қасында өткен әрбір күн – біз үшін үлкен бақыт. Қазір ол екі жасқа толды, әлі күнге дейін оған қарап отырып, мұның бәрі біздің өмірімізде болып жатқанына сене алмайтын сәттеріміз болады», – дейді оқиға кейіпкері.

Бүгінде ол өмірінің ең маңызды сәтінде қасында болған жандардың бәріне алғыс айтады және болашақ аналарға өз тілегін жолдайды:

«Мен бүкіл IRM клиникасына және біздің дәрігеріміз Әйгерім Бақытқызына кәсібилігі, төзімділігі мен бізге деген сенімі

үшін алғысымды білдіремін. Екі сәтсіз әрекеттен кейін ол біздің үмітімізді үзбеуге және бала ата-ана болуымызға көмектесті. Ал осы жолға енді ғана қадам басқан әйелдерге айтарым: ешқашан берілмеңіздер. Дәрменіңіз құрып, тағатыңыз таусылған сәтте де, бойыңыздан міндетті түрде жаңа күш-қуат табылады. Мамандарға сенім артыңыз, өзіңізге сеніңіз және ұмытпаңыз — бұл дүниеде ғажайыпқа орын бар!»



БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІМІЗ

Қосалқы репродуктивтік технологиялар бөлімшесі:

- Экстракорпоралды ұрықтандыру (IVF);
- ICSI, IMSI, PICSI (MACS сперматозоидтар селекциясы);
- Имплантацияға дейінгі генетикалық тестілеу (PGT-a, PGT-m) әдістері: aCGH, SNP, FISH;
- Жыныстық жасушалар мен аналық без тінін криоконсервациялау;
- Жатыр ішілік инсеминация;
- Криобанк: ооциттерді, шәуетті, эмбриондарды донорлық беру;
- Құрсақ ана бағдарламалары.

Хирургия бөлімшесі (гинекология және урология-андрология):

- Кеңселік гистероскопия, гистерорезектоскопия (синехияларды, жатыр миомасын және т. б. алып тастау);
- Лапароскопия (аналық бездердің жылауығын, жатыр миомасын және т. б. алып тастау);
- Гинекологиядағы пластикалық операциялар;
- Ерлер бедеулігі кезіндегі операциялық емдеу (MicroTESE, варикоцелені жою және т.б.);
- Урологиядағы пластикалық операциялар;
- Эректилді дисфункцияны операциялық емдеу.

Емхана бөлімшесі және әйелдер консультациясы:

- Жүктілікті жоспарлау бағдарламасы;
- Физиологиялық жүктілікті және ЭКҰ-дан кейінгі жүктілікті жүргізу;
- Сарапшылық кластағы ультрадыбыстық аппараттарымен пренаталды скрининг;
- Босануға дайындық;
- Сабақтас мамандардың кеңестері (эндокринолог, маммолог, генетик және т. б.).

Қосымша қызметтер:

- Дәріхана
- Клиникалық-диагностикалық зертхана;
- ЭКҰ мектебі;
- Пациенттерге психологиялық қолдау көрсету.

